

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 қыркүйек N 919

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін. (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша):

1998 жылдың 23 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Комитеттің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлесін және енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
18 қыркүйектегі
N 919 қаулысымен
бекітілген

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі**

N	Атауы	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
			нысаны

2	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар Орталық органның аппараты Аумақтық органдардың аппараты Мемлекеттік органдарды үкіметтік байланыс. пен қамтамасыз ету Мемлекеттік мекемелер Үкіметтік байланыс агенттігі Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Мемлекеттік мекемелер "А" қызметі	Ұстауға Бұл да Бұл да	Ұстауға Бұл да Бұл да
4	Білім беру Ұлттық қауіпсіздік саласындағы жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау Ұлттық қауіпсіздік комитетінің институты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды жоғары мектебі Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар Ұлттық қауіпсіздік саласында жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау	Бұл да Бұл да	Көрсетілген қызметтер үшін
5	Денсаулық сақтау Жалпы мақсаттағы емханалар Мемлекеттік мекемелер Республикалық емхана	Бұл да	Ұстауға